

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 20 қазандағы N 1356 қаулысының күші жойылған деп тану туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 19 тамыздағы N 789 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 тамыздағы № 796 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің "Қару-жарақ" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 желтоқсандағы N 1771 P971771_ қаулысын орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 P960790_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат) мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесінің "Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі " бөлімінің реттік нөмірі 21 "Қазәскертехимпэк" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында) деген жолдары алынып тасталсын; мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Қару-жарақ" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (шаруашылық жүргізу құқығында) "

2. "Қазвоентехимпэк" республикалық мемлекеттік кәсіпорынын құру туралы " Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 20 қазандағы N 1356 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы; 1995 ж., N 33, 419-құжат) күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі